

"Тұрғын ұй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай ауданы әкімдігінің "Затобол жылу энергетикалық компаниясы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны жер учаскесіне қауымдық сервитутты белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы Тобыл қаласы әкімінің 2024 жылғы 16 тамыздағы № 19-ш шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қостанай ауданының Тобыл қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Тұрғын ұй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай ауданы әкімдігінің "Затобол жылу энергетикалық компаниясы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, "Затоболец" стадионнан "Храм Казанской Богородицы" шеркеуге дейінгі жылу трассасына қызмет көрсету үшін мақсатында, Қостанай ауданының Тобыл қаласы, Терешкова көшесі, 26/1 Терешкова көшесіне дейін 15/5 аумағында орналасқан, жалпы ауданы 0,0461 гектар 48 жыл мерзімге, өтеусіз негізде, жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қостанай ауданының Тобыл қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қостанай ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

З. Комаров